

Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес бұршақтан қорғау үшін желіні сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 132 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Ауыл шаруашылығында өсімдіктерді бұршақтан қорғау үшін қолданылатын, екі шетінде көмкермесі бар рулондардағы таңуға арналып өрілген матаны білдіретін, бұршақтан қорғауға арналған тор Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің 1 негізгі қағидасына сәйкес Сыртқы экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 5803 00 тауар позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович